

УНИВЕРСИТЕТТИҢ ГЕОСАЯСАТ КОНТЕКСТІНДЕГІ КЕҢІСТІК-УАҚЫТТЫҚ ӨЛШЕМІ

*Жанақова Н.Т.¹

¹тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ,
Алматы, Қазақстан, E-mail: nurgul.zh.t@mail.ru

Аңдатпа. Кез-келген жоғары білім беру мекемесінің саясатындағы өзгерістер уақыт пен кеңістіктің ұзақтығы, яғни әлемдік және жергілікті геосаясат тұрғысынан талданады. Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің сексен жылдық тарихы. Абылай хан оның ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейлерде сипатталады. Бұл оқу орнының республиканың қазіргі жоғары білім беру жүйесіндегі орны мен рөлі 1941 жылы ашылған сәттен бастап қазіргі күнге дейінгі оқу үрдісіндегі өзгерістер мен жаңалықтар арқылы ашылады. Университет қызметіндегі оң өзгерістер ректорлардың шебер ұйымдастырушылық қабілеттері мен іскерлік қасиеттеріне байланысты. Оның Қазақ мемлекеттік Шет тілдер мұғалімдері институты мен Алматы шет тілдер педагогикалық институтының жергілікті геотарихы көрнекті мемлекет қайраткерлері мен ғалымдар жұмыс істеген жоғары оқу орнының өзіндік геосаясатына айналды. Университеттің геосаясаты қазіргі заманның талаптарын ескере отырып, жоғары білікті кадрларды даярлауға бағытталған.

Тірек сөздер: мемлекет, білім, шет тілі, университет, халықаралық, әлем тілдері, көшбасшы.

Негізгі ережелер

Мемлекетіміздің негізгі заңы – Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес білім беру саласында мемлекеттік кепілдіктер берілетіні анық жазылған. Осы ретте еліміздің тәуелсіздік алған отыз жылдағы тәжірибесіне сүйене отырып, жоғары білім беруге бағытталған реформалар мен инвестицияның нәтижесінде ұлт өмірін сапалы қылуға, постиндустриалды қоғам талаптарына жауап беретін интеллектуалды қоғам орнатуға, табысты жастарды тәрбиелеуге болатынына көз жеткіземіз.

Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғырту арқылы үлкен нәтижелерге қол жеткізілді. Ұлттық білім беру жүйесі әлем бойынша жаһандану үрдісін бастан өткеруде. Білім беруге байланысты қабылданған құжаттар экономикалық, қоғамдық жаңғыртудың барлық қажеттіліктеріне жауап береді және білім жүйесіне деген халықаралық талапты ескереді. Қазақстандық жүйенің құрылымы ЮНЕСКО ұсынған Халықаралық стандарттық білім беру бағдарламасының (1997 ж.) классификация өлшемдеріне сәйкес келтірілген.

Білім беру саласында жүргізілген реформаға сәйкес, 90-шы жылдары бірқатар өзгерістерге қол жетті: білім беру мекемелерінің күзіреті кеңейді; жоғары оқу орындарына кәсіби білім алу мен мобильді жүйе бойынша оқуға

мүмкіндік берілді; ЖОО жоғары білімді шыңдауға мүмкіндік беретін негізгі әлеуметтік орын ретінде дербестікке ие болды.

Жаңа заманның негізгі үрдістері білім беру саясатына да ықпалын тигізе бастады. Білім беру жүйесі әлеуметтік саясаттың басты бағыттарының біріне айналуға, себебі, жаңа әлемде мемлекеттің экономикалық жетістіктері білім беру жүйесімен, азаматтардың білімділігімен, мамандардың бәсекеге қабілеттілігімен анықталады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың үстіміздегі жылдың 1 қыркүйегіндегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауындағы сапалы білім беруге бағытталған: «Құзырлы министрлік жоғары білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз етуге тиіс. Жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті» деп айтқан [1] сөздерінен туындаған биік міндеттер тұрғысында тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі болуы үшін жоғары білімді шет тілі мамандарын даярлауда еліміздегі басты орталығына айналған Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің республикамыздың білім беру жүйесіндегі алатын орны ерекше.

Кіріспе

Еліміздегі шет тіл білімінің көшбасшысы ретінде бүкіл әлемге танылған білім ордасының құрылғанына биыл сексен жыл толып отыр. Қазақ мемлекеттік шет тілдер мұғалімдер институты деп аталған оқу орны екінші дүниежүзілік соғыс басталған 1941 жылдың тамызында тұңғыш директоры, білгір маман Ханахмет Қараұлы Меликовтың басшылығымен студенттердің алғашқы легін оқуға қабылдайды. Сол жылғы 23 тамыздағы №26 және 25 тамыздағы №27 бұйрықтарға сәйкес неміс тілі факультетіне – 57 адам, ағылшын тілі факультетіне 67 адам қабылданыпты [2]. Осылайша бұл жастар шет тілдерін оқытатын республикадағы тұңғыш жоғары оқу орнының алғашқы студенттері атанды.

Х.Қ.Меликов институтқа аз ғана уақыт басшылық етсе де, білім ордасының оқу үрдісін ұйымдастыруды дұрыс жолға қоя білді. Тұңғыш директор сол жылы 3 қыркүйекте запастағы капитан ретінде Қызыл Армия қатарына шақырылып, 1944 жылы 12 сәуірде Украинаны азат ету шайқастарының бірінде ерлікпен қаза тапты.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

1941 жылы 11 қазанда институт директоры болып белгілі тілші-ғалым Мәулен Балақаев тағайындалып, оқу орнын 1942 жылға дейін білгірлікпен басқарды. Соғыс жағдайына байланысты институттың саяси-көпшілік, тәрбие жұмысына жете көңіл бөлді. М.Балақаевтың күш салуымен ағылшын және

неміс тілі кафедраларына қоса 1942 жылы марксизм-ленинизм кафедрасы ашылды.

Институтты 1942-1943 жылдары басқарған көрнекті тарихшы-ғалым Бек Сүлейменов жоғары ұйымдаструшылық қабілетімен танылды: оқу-өндірістік және тәрбие жұмысына ғана емес, білікті оқытушы кадрлардың көбеюіне де көп көңіл бөлді. Тіпті оның жігерлілігінің арқасында 1943 жылы институтта шығыс факультеті ашылып, қытай және ұйғыр тілдері оқытылды, алайда қытай тілінің оқытушылары жетіспеушілігінен бұл факультет небәрі үш жыл ғана жұмыс істеді. Соның өзінде бұл факультеттің еліміз тәуелсіздік алған жылдары институт университетке айналғанда шығыстану факультетінің негізі болғандығын айта кеткен жөн.

Қазақ КСР Халық комиссарлары кеңесі 1942 жылы шығарған арнайы қаулысында республика жоғары оқу орындарында қазақ қыздарының өте аз оқитындығын атап, бұл мәселеге жете көңіл бөлу қажеттігіне ерекше назар аударды. Шет тілдері институты ашылғанда небәрі 9 қазақ қызы оқыса, кейін бұл жағдай дұрыс жағына өзгерді. Институт директоры Б.Сүлейменовтің 1942-1943 оқу жылының емтихан сессиясы бойынша қорытындылары туралы Қазақ КСР Оқу ағарту халық комиссариатында жасаған баяндамасында I, II курстардың 306 студентінің емтиханды сәтті тапсырған 123 студенті арасында қазақтың 15 студент қызына стипендия тағайындалғандығын ерекше атап өтті [3].

Қазақ мемлекеттік шет тілдер мұғалімдер институтында оқу сабақтарына дұрыс жағдай жасалмай, студенттердің жатақханамен қамтылмауына байланысты 1944 жылы сәуірде Қазақ КСР Оқу ағарту халық комиссариаты бұл мұғалімдер институтын педагогикалық институт етіп ауыстыру туралы өтінішті Мәскеудегі БКП(б) Орталық Комитеті мен КСРО Халық комиссарлары кеңесіне жеткізді [4]. Соның нәтижесінде сол жылы Қазақ мемлекеттік шет тілдер мұғалімдер институты Алматы шет тілдері педагогикалық институты мәртебесіне ие болды.

Институттың соғыс жылдары білікті шет тілдері маман кадрларын даярлап шығарудағы қызметі елеулі болып, тәуелсіздік кезінде жарық көрген бес томдық «Қазақстан тарихының» 4-томында арнайы атап өтілді [5, 507 б.].

1946-1958 жылдары институтты А.И.Кузнецов, П.М.Пахмурный, Т.Ысқақов басқарды. 1958-1961 жылдары шет тілдері факультеті ретінде Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты құрамында жұмыс істеді. 1962 жылы 3 қаңтарда КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысымен Алматы шет тілдері педагогикалық институты қайтадан ашылды. Институт ректоры болып тағайындалған Ажар Кәкімқызы Ыбыраева осыған дейін Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінде жастармен жұмыс істеуде шыңдалып, жоғары ұйымдастырушылық талантымен танылған еді. Ол жаңа қызметіне де жастық жалынмен күлшына кірісіп, институттың материалдық-техникалық базасының нығаюына, оқу-тәрбие жұмысының жақсаруына күш-жігерін аямай жұмсады. Білікті басшының институт ұжымын іскерлікпен басқарудағы қажырлы

еңбегінің арқасында оқу орны республиканың алдыңғы қатарлы білім ордаларының біріне айналды.

Институтты 1967-1976 жылдары көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, философ-ғалым Н.Жанділдин, 1977-1978 жылдары белгілі тілші-ғалым К.Аханов, 1979-1986 жылдары тілші-ғалым Р.С.Әміров, 1987-1992 жылдары тарихшы-ғалым Б.Б.Ермұханов, 1992-1997 жылдары тілші-ғалым Ә.Ахметов басқарып, білім ордасының дамып өркендеуіне зор үлес қосты.

1998 жылдың 24 наурызында Қазақстан Республикасы Үкіметінің №256 Қаулысына сәйкес институт Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті мәртебесіне ие болды. Міне сол 1998 жылдан бастап университетке осы оқу орнының түлегі, көрнекті тілші-ғалым, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Сәлима Сағиқызы Құнанбаева ректор болып қызмет етуде.

Нәтижелері

Қазір де академик С.С.Құнанбаева басқаратын бұл оқу орны – гуманитарлық, тіл және халықаралық деңгейдегі маман кадрларды даярлайтын бірден бір ірі ғылыми-оқу кешені. Сонымен бірге Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті әлемнің 17 тілінде кәсіптік білім беретін еліміздегі бірегей жалғыз жоғары оқу орны екенін атап өту керек.

Бәсекеге қабілетті маман даярлауда биік белестерге қол жеткізген университет – Eurasia-Pacific United ассоциациясының, туризм бойынша үш Халықаралық ассоциацияның (ATLAS, AMFORTH, EURHODIP), франкофондық университеттердің Халықаралық ассоциациясының (AUF), Халықаралық Жоғары мектеп академиясының, Халықаралық қатынастар мектептері (МГИМО) ОӘБ ассоциациясының және т.б. 14 беделді халықаралық ассоциациялардың мүшесі екендігін үлкен мақтаныш сезіммен айтуға болады.

Талқылау

Көптілді білім берудің тұжырымдамалық негізін анықтауда шеттілдік білім берудің теориялық ережесінің маңызы зор екенін сөз етсек, бұл ретте академик С.С.Құнанбаеваның «Қазіргі шеттілдік білім беру: әдіснамасы және теориясы» монографиясында жаңартылған когнитивті-лингво-мәдениеттанулық әдіснама негізінде шеттілдік білім беруді жаңғырту идеясы алынған. Осы ретте университетте Сәлима Сағиқызы басқаратын әдістемелік мектеппен шеттілдік білім берудің жалпыеуропалық және ұлттық үлгілер мен стандарттарды үйлестіретін халықаралық бейімделген ұлттық шеттілдік білім беру жүйесі енгізілген. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты мен 2015 жылға дейінгі Білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасына сәйкес, сонымен бірге әлемдік білім беру жүйесін дамытудың озық жаңалықтарын ескере отырып, Сәлима Сағиқызының жетекшілігімен әдіскерлермен білім беру

жүйесінің барлық кезеңдерінде шет тілін меңгеру деңгейіндегі біртұтастық пен сабақтастықты қамтамасыз ететін, мемлекеттік тілдік саясат негізінде шеттілдік білім беруді кешенді жаңғыртудың «ҚР Шеттілдік білім беруді дамыту тұжырымдамасы» әзірленді. Осы тұжырымдамасы негізінде шеттілдік білім беру жүйесінің түрлі деңгейлері мен буындарына арналған шет тілдік оқулықтар сериясының негізіне жататын шет тілі оқулығының үлгісі жасалды.

«Үштілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулер бағдарлама жобасында» атап көрсетілгендей: «Университет қазіргі еңбек нарығы сұраныстарына сәйкес және мамандар даярлаудың үш сатылық халықаралық-стандарттық талаптарына сай шеттілдік және халықаралық бағыттар бойынша білім берудің 14 бағдарламасын бір мезгілде бейімдеу арқылы бакалавриат және магистратура мамандықтарының номенклатурасын кеңейтті» [6, 14 б.].

С.С.Құнанбаева жетекшілігімен жүргізілген: «Қазақстан ғаламдық мәдениетаралық және тілдік қауымдастықта (қазақ тілі және әлем тілдері)» және «Әлемдегі білім беруді интернационализациялау жағдайында жоғары білім беру жүйесін универсализациялау моделі және механизмі» жобалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасының инновациялық дамуы үшін ерекше өзекті және маңыздылығымен сипатталады.

Әлемге әйгілі Quasquarelli Symonds-QS ағылшын агенттігінің бағалауынша, дүниежүзіндегі ең озық деген 800 университеттің тізіміне қазақстандық 9 жоғары оқу орны еніпті. Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті сол тоғыздықтың ішінде 6-орында болуының өзі көп нәрсені аңғартса керек.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде сексен жылдық бай тарихы бар университет әлемдік ғаламдану қыспағынан жол тауып, соны қадам жасау барысында инновациялық адаптивті типтегі университет мәртебесін алып, жан-жақты жаңарып келеді. Білім жүйесіндегі бәсекеде өз орнын сақтай отырып, ұйымдық, оқу-әдістемелік ғылыми жұмыстарды жетілдіре отырып, материалдық базасын нығайту жолымен халықаралық, гуманитарлық-экономикалық бағытта мамандар даярлайтын еліміздегі ірі оқу-ғылыми кешеніне, шет тіл білімінің көшбасшысына айналып отыр.

ӘДЕБИЕТ

[1] Тоқаев Қ. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі // Егемен Қазақстан. – 2021. – 2 қыркүйек.

[2] ҚР ОМА. 1993 қор, 1 тізбе, 1а іс, 12, 13-парақтар.

[3] ҚР ОМА. 1692 қор, 1 тізбе, 661 іс, 83-парақ.

[4] ҚР ОМА. 1993 қор, 1 тізбе, 2в іс, 3-5 парақтар.

[5] Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы, «Атамұра», 2010. – 752 б.

[6] Үштілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулер бағдарлама жобасы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 64 б.

REFERENCES

- [1] Toqayev Q. Halyq birligi jäne jüielı reformalar – el örkendeuiniñ berik negizi (Unity of people and system reforms – are durable basis of prosperity of country)// Egemen Qazaqstan. – 2021. – 2 qyrküiek.
- [2] QR OMA. (Central record office of Republic of Kazakhstan), 1993 qor, 1 tızbe, 1a is, 12, 13-paraqtar.
- [3] QR OMA (Central record office of Republic of Kazakhstan), (Central record office of Republic of Kazakhstan), 1692 qor, 1 tızbe, 661 is, 83-paraq.
- [4] QR OMA (Central record office of Republic of Kazakhstan), 1993 qor, 1 tızbe, 2v is, 3-5 paraqtar.
- [5] Qazaqstan tarihy (köne zamannan büginge deim). Bes tomdyq. 4-tom. (History of Kazakhstan (from the most ancient times to our days). – Almaty, «Atamūra», 2010, p.752
- [6] Üštildi bilim beru salasyndağy ğylymi zertteuler bağdarlama jobasy (There is a project of the program of scientific researches in area of three-language education). – Astana: Y. Altynsarin atyndağy Ültyq bilim akademiasy, 2016, p.64

ПРОСТРАНСТВЕННО-ВРЕМЕННОЕ ИЗМЕРЕНИЕ УНИВЕРСИТЕТА В КОНТЕКСТЕ ЕГО ГЕОПОЛИТИКИ

*Жанакова Н.Т.¹

¹кандидат исторических наук, ассоциированный профессор

КазУМОиМЯим. Абылай хана, Алматы, Казахстан

e-mail: nurgul.zh.t@mail.ru

Аннотация. Изменения в политике деятельности любого учреждения высшего образования анализируется в контексте продолжительности во времени и пространстве, то есть мировой и локальной геополитики.

Восьмидесятилетняя история Казахского университета международных отношений и мировых языков им. Абылай хана характеризуется его позиционированием на национальном, региональном и международном уровнях. Место и роль этого учебного заведения в современной системе высшего образования республики раскрывается через преобразования и нововведения в учебном процессе со времен его открытия 1941 года до нынешних дней. Положительные трансформации в деятельности вуза обусловлены умелыми организаторскими способностями и деловыми качествами ректоров. Его локальная геоистория от Казахского государственного института учителей иностранных языков и Алматинского педагогического института иностранных языков стала своеобразной геополитикой вуза, в котором работали видные государственные деятели и ученые. Геополитика вуза направлена на подготовку высококвалифицированных кадров с учетом требований современности.

Ключевые слова: государство, образование, иностранный язык, университет, международный, мировые языки, флагман.

THE SPACE-TIME DIMENSION OF THE UNIVERSITY IN THE CONTEXT OF ITS GEOPOLITICS

*Zhanakova N.T.¹

¹candidate of historical sciences, associated professor

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages

Almaty, Kazakhstan, e-mail: nurgul.zh.t@mail.ru

Annotation: Changes in the policy of any institution of higher education are analyzed in the context of duration in time and space, that is, global and local geopolitics. Eighty-year history of the Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages is characterized by his positioning at the national, regional and international levels. The place and role of this educational institution in the modern system of higher education of the republic is revealed through transformations and innovations in the educational process from the time of its opening in 1941 to the present day. Positive transformations in the activities of the university are due to the skillful organizational skills and business qualities of the rectors. Its local geohistory from the Kazakh State Institute of Teachers of Foreign Languages and the Almaty Pedagogical Institute of Foreign Languages became a kind of geopolitics of the university, where prominent statesmen and scientists worked. The geopolitics of the university is aimed at training highly qualified personnel taking into account the requirements of modernity.

Keywords: state, education, foreign language, university international, world languages, leader.

Статья поступила 10.09.2021